

1. Қолма-қол есеп айырысуды шектеу туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына, автомобиль жолдарына үлестік қатысу және мүгедек адамдарды тасымалдау бойынша қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген түзетулер тұтастай алғанда тұрғын үй нарығының баға сегментіне айтарлықтай әсер етпейді деп санаймыз (оның ішінде қайталама нарық), бұл үлескерлердің ақшасын тартуға байланысты **салынып жатқан жылжымайтын мүліктің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу жөніндегі мәмілелерге ғана бағытталған.**

Қолма-қол есеп айырысуды шектеу түзетулер тек үлескерлердің ақшасын тартуға байланысты салынып жатқан жылжымайтын мүліктің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға аударуға бағытталған.

Бұл ретте үлескерлердің ақшасын тарту рәсімдерінен тыс жүзеге асырылатын кез келген өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына осы өзгерістермен және толықтырулармен шектелмейді.

2. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 320-бабында көрсетілген айыппұл туралы

Үлескерлердің ақшасын заңсыз тартқаны үшін айыппұл санкцияларын (300-ден 2000 айлық есеп көрсеткішке дейін) ұлғайту «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы шеңберінде көзделген.

Бүгінгі күні, аталған түзетулер Қазақстан Республикасы Мәжілісінде қаралып, депутаттар тарапынан қолдау тапты.

Келесі кезең - заң жобасын Қазақстан Республикасы Сенатында қарастыру.